

№46 (20 911)  
20 қараша,  
2025 жыл, бейсенбі



Облыстық қоғамдық-саяси газет

@Atyrau.gazeti  
atyrau\_gazeti@mail.ru  
Атырау газеті  
www.atr.kz  
«Атырау» газеті  
atyrau\_gazeti  
Atyrau\_news  
Атырау жаңалықтары

# Атырау

\*Кәсіпкерлік

## ЖАТҚАНҒА ешкім ештеңе бермейді



АТЫРАУ Өңірі өндірісті аймақ болғанымен, мұнда шағын кәсіпкерлікті дамытуға да мүмкіндік мол. Әлемге «Қара алтынымен» танылған мұнайлы өлке өңдеу саласына ден қойып, отандық өнім шығаруды басым бағытқа айналдыруда. Әсіресе, мемлекеттік бағдарламалардың игілігін көріп, кәсібін өркендеткен бизнес иелері көбейіп келе жатқандығы қуантады.

(Толығырақ 17-бетте)

\*Денсаулық

## Биылғы тұмау ерте басталды

ҚАЗАҚСТАНДА  
БҰРЫН БОЛМАҒАН  
ТҰМАУДЫҢ ЖАҢА ТҮРІ  
АНЫҚТАЛМАДЫ.

Үкіметтің отырысына онлайн қосылған Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарованың айтуынша, қыркүйектің 1-нен бері елімізде ЖРВИ-дің 1 млн. 461 мың оқиғасы тіркелген. Бұл былтырмен салыстырғанда 20% төмен. Алайда вирус жұқтырғандардың 66%-ы 14 жасқа дейінгі балалар болып шықты.

Бүгінге дейін тұмаудың 590 жағдайы расталған. Жалпы тұмаудың таралуы биыл жылдағыдан ертерек басталыпты. Денсаулық сақтау министрінің мәліметінше, биыл 2,1 млн. адам тұмауға қарсы егілген.

Бек АЙДАРӘЛИ



\*Салық

## Есептің бәрі онлайн түрде

БИЫЛ АТЫРАУ ОБЛЫСЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР САЛАСЫНДА БІРҚАТАР ОҢ ӨЗГЕРІС БОЛДЫ. ҚАЗІР ТҰРҒЫНДАР МЕН КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ КӨБІ ҚЫЗМЕТКЕ ОНЛАЙН ТҮРДЕ ЖҮГІНЕДІ.

– Бүгінде мемлекеттік қызметтердің 99,8 пайызы электронды форматта көрсетіліп отыр. Бұл халықтың уақытын үнемдеп, қызмет алуды жеңілдетті, – деді Атырау облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің бөлім басшысы Ғалия Ертілеуова.

Биыл өңірде 320 мыңнан астам салық есептілігі қабылданған. Көпшілік есепті электронды түрде тапсыруды таңдайды. Сонымен бірге Kaspi және Halyk Bank мобильді қосымшалары арқылы бірнеше салық қызметін орындау мүмкіндігі бар. Бұл тұрғындар үшін өте қолайлы.

2026 жылдан бастап салық саласында жаңа ережелер енгізіледі. Солардың ішінде есепті кері қайтарып алу қызметі тоқтатылады және есеп беру формалары 30% қысқарып, есеп уақытында тапсырылмаса, жүйе автоматты түрде нөлдік есеп қалыптастырады.

Өз тілшіміз

\*Адам саудасы

## Құндақтаулы шарананың құны қанша?

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР МЕН ПАБЛИКТЕРДЕ ЖОҒЫН ІЗДЕГЕН БІР АДАМ. ОЛ ЗАТ БОЛСА ЕШТЕҢЕ ЕМЕС-АУ, ЕКІ ҚОЛ, ЕКІ АЯҚТЫ ЖАРАТЫЛЫС ИЕЛЕРІНІҢ ЖОҒАЛУЫ КӨБЕЙІП БАРАДЫ.

АДАМ САУДАСЫ МЕН ҚҰЛ ИЕЛЕНУШІЛІКТІ ҚҰПТАМАЙТЫН ЕЛДЕР БІРІНЕН СОҢ БІРІ БҰЛ БӨЛЕГЕ ҚАРСЫ ЗАҢДАР ҚАБЫЛДАП ЖАТЫР. БІЗДІҢ ЕЛ ДЕ АСА АУЫР ҚЫЛМЫСТЫҢ АЛДЫН АЛУ МАҚСАТЫНДА БЫЛТЫР ЖЫЛДАР БОЙЫ ТАЛҚЫҒА САЛЫНЫП, ӨБДЕН ЕКШЕЛГЕН АДАМ САУДАСЫ ТУРАЛЫ ЗАҢДЫ ҚАБЫЛДАДЫ. ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГЕН ҚҰЖАТҚА СӘЙКЕС, СЕКСУАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАРЫ МЕН ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕТІНДЕР, ТІПТІ ОЛАРДЫ ЖАРНАМАЛАЙТЫН САЙТТАРДЫҢ ИЕЛЕРІ ДЕ ЖАЗАЛАНАТЫН БОЛДЫ. БҰРЫН ӘКІМШІЛІК ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН ҚҰТЫЛЫП, СЫТЫЛЫП ШЫҒАТЫН ОЛАР, ЕНДІ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ЖАЗАҒА ТАРТЫЛАДЫ. БАЛАСЫН САУДАЛАҒАНДАРҒА ДА ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК КҮШЕЙТІЛДІ.

(Толығырақ 10-11-беттерде)




Қазақстандағы адам саудасы туралы құпия



«Атырау» газетіне 2026 жылға жазылу жүріп жатыр

| 6 ай                | БАЛАМА БАҒАСЫ |       |
|---------------------|---------------|-------|
|                     | ҚАЛА          | АУДАН |
| ИНДЕКС              | 65424         | 15424 |
| Жеке тұлғалар үшін  | 3000          |       |
| Заңды тұлғалар үшін | 5700          |       |

| 12 ай               | БАЛАМА БАҒАСЫ |       |
|---------------------|---------------|-------|
|                     | ҚАЛА          | АУДАН |
| ИНДЕКС              | 65424         | 15424 |
| Жеке тұлғалар үшін  | 6000          |       |
| Заңды тұлғалар үшін | 11400         |       |



| 6 ай                | «ҚАЗПОШТА» АҚ АРҚЫЛЫ |         |
|---------------------|----------------------|---------|
|                     | ҚАЛА                 | АУДАН   |
| ИНДЕКС              | 65424                | 15424   |
| Жеке тұлғалар үшін  | 3656,12              | 3656,12 |
| Заңды тұлғалар үшін | 8067,28              | 6880,12 |

| 12 ай               | «ҚАЗПОШТА» АҚ АРҚЫЛЫ |          |
|---------------------|----------------------|----------|
|                     | ҚАЛА                 | АУДАН    |
| ИНДЕКС              | 65424                | 15424    |
| Жеке тұлғалар үшін  | 7312,24              | 7312,24  |
| Заңды тұлғалар үшін | 16134,56             | 13760,24 |

Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ-ның барлық бөлімшелерінде жүргізіледі. Барлық сұрақ бойынша өз бөлімшенізге хабарласыңыз!



Жазылу бағасы: (теңгесмен)